

МРНТИ 06.52.13

JEL Classification: Q14

<https://doi.org/10.52821/2789-4401-2021-5-104-114>

ҚАЗАҚСТАНДА АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН НЕСИЕЛЕНДІРУДІҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ

А. С. Дускалиев¹, А. Г. Тюмамбаева^{2*}, А. Ш. Абдешова²

¹Нархоз Университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы

²Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті,
Орал, Қазақстан Республикасы

АНДАТПА

Зерттеу мақсаты – Қазақстан Республикасының аграрлық секторын несиелендіру жүйесінің қажеттілігін арттыру үшін теориялық-әдістемелік әзірлемелер негізінде мәселелерді анықтау және оларды шешу бойынша ұсыныстар әзірлеу.

Зерттеу әдіснамасы. Зерттеуде авторлар ауыл шаруашылығы несиесін талдауға және саланың табысты жұмысына әсер ететін факторларды анықтауға тырысты. Мақаланы зерттеу мен жазу барысында экономикалық зерттеулерге тән әдістер қолданылды: мәліметтерді топтастыруға негізделген экономикалық-статистикалық әдіс, салыстырмалы әдіс, кестелік әдіс және жалпылау әдісі.

Зерттеудің бірегейлігі / құндылығы. Зерттеу нәтижелері аграрлық секторды несиелендіру бойынша қаржыландыру арналарын кеңейту бағдарламаларын әзірлеу, ауыл шаруашылығы өндіріс кешенін дамыту бойынша субсидиялау механизмін өзгерту кезінде қолданылуы мүмкін.

Зерттеу нәтижелері. Бұл мақалада ауыл шаруашылығы секторы үшін қолжетімді несие ресурстарына талдау келтірілген, сонымен бірге ауыл шаруашылығы секторын түрлі көздер арқылы несиелендірудің түрлі бағдарламалары ұсынылған. Аграрлық секторды несиелендіру бойынша Қазақстанда туындаған мәселелер анықталды және оларды азайту мен шешу жолдары бойынша ұсыныстар келтірілді.

Түйін сөздер: несие, ауыл шаруашылығы, пайыздық мөлшерлеме, коммерциялық банк, несие қабілеттілік, кепіл, несие қоржыны, азық-түлік қауіпсіздігі, тауар өндіруші, мемлекеттік қолдау.

КІРІСПЕ

Ауыл шаруашылығын дамытудың көптеген мемлекеттік бағдарламаларының орындалуына және аграрлық секторды мемлекеттік қолдаудың түрлі шараларын қолдануға қарамастан әлі де көптеген қиындықтар туындауда. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, ауыл шаруашылығы өндірісін мемлекеттің қолдауынсыз жүзеге асыру өте қиын, тіпті кейбір жағдайларда мүмкін де емес. Мемлекеттік қолдау шаралары жүйесіндегі орталық орын нарықта алынған бағалар мен кірістерді реттеу мен қолдау саясатына берілуі тиіс. Бюджеттік қолдау, экспортты жан-жақты қолдау мен несиелеу, жеңілдікпен несиені қамтамасыз ету және инфрақұрылымның дамуында көмекші, бірақ маңызды рөлді атқаруы керек.

Ауыл шаруашылығы өндірісінің маусымдық сипаты және онымен байланыстары шығандары мен резервтердің сипаты ауыл шаруашылығына несие беруді талап етеді. Сонымен қатар, өндірістік циклдың ұзақтығына байланысты тұрақты қаржыландыру көздерінің жоқтығын білдіреді. Осындай ерекшеліктер ауыл шаруашылығы өндірісін және ауылдардың әлеуметтік саласын үздіксіз қаржыландыру үшін жағдай жасауды және аграрлық сектордың экономикалық механизміне қарыз қаражаттарын беруді қамтамасыз ететін қаржылық-несиелік инфрақұрылымның тиімді жұмыс істеуінің маңыздылығын анықтайды [1].

Зерттеу тақырыбының өзектілігі ел экономикасының басым секторларының бірі – ауыл шаруашылығы мәселелерін шешу қажеттілігінің артуымен байланысты, ауыл шаруашылығы тау-

ар өндірушілері үшін несиенің рөлі мен қолжетімділігін арттыру жолдары, несиелендіру шарттарын жақсарту, аграрлық сектордағы кәсіпорындарды несиелендірумен, сондай-ақ қолдау формаларын дамытумен айналысатын мекемелердің қаржылық қызметінің тиімділігін арттыру.

Бүгінде, өкінішке орай, бұл секторда шығарылатын өнімдер шетелдік өндірушілермен бәсекеге қабілетті емес, ал еңбек өнімділігінің деңгейі мен кәсіпорындардың материалдық-техникалық базасы көбінесе қазіргі талаптарға сәйкес келмейді, бұл несиелік шарттарды жақсартуды және несиелік нарықты, инфрақұрылымды дамытуды талап етеді.

Агроөнеркәсіптік кешен мен коммерциялық банктер арасындағы несиелік қатынастардың ерекшеліктері анықталды. Қазақстанның агроөнеркәсіп кешенін дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы контекстінде Қазақстанның агроөнеркәсіп кешенін несиелендірудің қазіргі жағдайына аналитикалық шолу ұсынылған. Салаларды несиелендірудің негізгі мәселелері көрсетіліп, оларды шешу жолдары ұсынылды.

Агроөнеркәсіп кешенін қолға алу бойынша Қазақстанда Агроөнеркәсіп кешенін дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында, соның ішінде несиелендіру жүйесі нақты көрсетілсе де қазақстандық және шетелдік ғалымдармен әлі де терең зерттелуде. Отандық және шетелдік ғалымдар мен практиктердің еңбектерінде ауыл шаруашылығын арзан және қолжетімді несиені қамтамасыз ету, сондай-ақ тікелей мемлекеттік көмек беру туралы сұрақтары кеңінен таралған.

Б. Т. Аймурзина [2], А. М. Уахитжанова [3], Г. Ж. Абдыкорова [4], Г. К. Кишибекова [5] сияқты қазақстандық ғалымдардың және шетелдік М. С. Коробейников [6], В. Маслова [7] еңбектерінде аграрлық секторды қаржыландырудың тиімді әдістерін әзірлеу мәселелері қарастырылады.

Жоғары пайыздық мөлшерлеме мен банктік несиенің шағын көлемі мәселесін шешу үшін аграрлық секторға шетелдік тәжірибеге жүгінуі қажет. М. С. Коробейниковтың айтуынша, Батыс Еуропада қарыз қаражатын пайдаланудың артуы – ауыл шаруашылығы өндірісінде өнеркәсіптік қайта құрылымдау қуатты серпініне айналды. Несие ресурстары ауыл шаруашылығы өндірісінің табыстылығы мен пайыздық мөлшерлеменің көлемі арасындағы оңтайлы қатынасы есебінен қол жетімді бола бастады. Бұған мемлекеттің және осы саладағы несиелендіруді мемлекеттік реттеудің тікелей қатысуы арқылы қол жеткізілді [6].

Қазақстанда несиелендіру механизмін жүзеге асыру үшін ТМД елдерінің тәжірибесін қолдануға болады. Мысалы, Беларусь ауыл шаруашылық тауар өндірушілеріне аграрлық сфераны мемлекеттік бағдарламамен несиелендірудің жеңілдіктері ұсынылған, ал Ресей мемлекеті қаржылай ресурстардың келуін пайыздық мөлшерлемені субсидиялау арқылы ынталандырады.

НЕГІГІ БӨЛІМ

Аграрлық сектор – ұлттық экономиканың дамуындағы маңызды секторлардың бірі болып табылады. Республиканың экономикалық дамуының басым бағыттарының бірі ретінде ауыл шаруашылығының орасан зор әлеуеті және көптеген артықшылықтары бар.

Қазақстанның экономикалық, әлеуметтік және экологиялық дамуында да ауыл шаруашылығы маңызды рөл атқарады.

Ауыл шаруашылығы кешені – бұл елдің азық-түлік қауіпсіздігін құрайды.

Қазақстанда климаттық ауысымның болуы егін шаруашылығы мен мал шаруашылығын дамытуға қолайлы жағдай жасайды. 2018 және 2020 жылдар аралығында ауыл шаруашылығы мемлекеттің жалпы ішкі өнімінің орта есеппен 4,5 %-ын құрады. Бірақ та, үшінші жыл қатарынан Қазақстан Республикасының жалпы ішкі өнімінің құрылымында аграрлық сектордың үлесі төмендеуде, нашар деп те айтуға болады.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2020 жылғы Қазақстан халқына арналған Жолдауында ауыл шаруашылығын дамытуды, соның ішінде еңбек өнімділігі мен экспортты арттыруды көздейтінін атап айтқан еді. Экспортты қолдауға бағытталған жоспарланған 500 млрд. теңгенің 20 %-ы ауыл шаруашылығы экспортына бағытталған [8].

Ауыл шаруашылығы несиесі – бұл экономикадағы несиелік қатынастардың ерекше формасы, ол банктер мен банктік емес мекемелер арқылы мемлекеттік көмек пен реттеуді үйлестіре отырып не-

гізгі және айналым капиталдары түрінде түрлі категориядағы ауыл шаруашылығы өндірушілері үшін ақшалай қаражат беруімен сипатталады.

Ауыл шаруашылығы несиесінің басқа несиесіне нысандарына қарағанда ерекшелігі болып мыналар табылады:

- біріншіден, ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші ретінде әрекет ететін заңды және жеке тұлғаларға қаражат беру;
- екіншіден, банктер де, басқа да несиелік-қаржылық институттар несиесі беруші бола алады;
- үшіншіден, несиесі ағымдағы және инвестициялық мақсаттарға берілуі мүмкін;
- төртіншіден, ауыл шаруашылығы несиелері негізінен басқа салалармен салыстырғанда жеңілдікпен беріледі.

Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне қызметтерін тиімді жүзеге асыру үшін жеткілікті мөлшерде қаржыландыру қажет. Қазіргі кезде ауыл шаруашылығы саласы қолжетімді несиесіне қаражаты мен инвестицияға өте мұқтаж.

Ауыл шаруашылығы өнеркәсіп кешені субъектілерін қаржыландыру бойынша оларға деген қолжетімділікті арттыру негізінде 2019 жылы инвестициялық субсидиялау бағдарламасын іске асыру қолға алынды. Ауыл шаруашылығы өнеркәсіп кешені субъектілерінің арасында мемлекет тарапынан қолдау бойынша қаржыландыру қазіргі уақытта үлкен сұранысқа ие болып отыр. Осы бағдарлама негізінде 2019 жылдың басында 66,5 млрд. теңге бөлінсе, одан кейін агробизнестің қажеттілігін қанағаттандыру бойынша бөлінген қаражаттың жетіспеушілігіне байланысты жыл соңында қосымша 41,1 млрд. теңге бөлінген болатын [8].

Ауыл шаруашылығын қаржыландырудың қолжетімділігін арттырудың келесі құралы – ол несиесі мен лизинг бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау. Бұл бағдарлама ауыл шаруашылығына қажетті техниканың, негізгі құралдарды сатып алуға арналған несиелер бойынша сыйақы мөлшерлемесінің 10 %-ын және айналым қаражатын толықтыруға арналған қарыз шарттары бойынша 5 %-ын өтеуді қарастырады.

Дегенмен де, ауыл шаруашылығы секторын қаржыландыруда өзіндік қиындықтар да бар.

Жоғары пайыздық мөлшерлемелер мен несиелендіру шарттарының қолайсыздығы ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің несиесі нарығында бәсекелестікке қабілеттілігін шектейді.

Ауыл шаруашылығы құрылымдарының қызметін шектейтін факторлардың ішінде ауыл шаруашылығын мемлекеттік қаржылай қолдаудың жетіспеушілігі, несиелер бойынша жоғары пайыздық мөлшерлеме, несиесі қабілеттілікті талдаудағы қиыншылықтар, айналым қаражаттарының жетіспеушілігі, өнімдерді сатып алу бағасы, материалдық-техникалық базаның нашарлығы басым болып отыр [9].

Сондықтан да, қаржыландырудың жетіспеушілігі ауыл шаруашылығы сферасын дамытуда кедергі болып отырған негізгі себептердің бірі.

Сонымен бірге экономиканың аграрлық секторы өндірістің маусымдық сипатындағы түріне байланысты несиесіне аса мұқтаж, ал бұл қаржы ресурстарының ағынының біркелкі еместігін көрсетеді.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, аграрлық секторды қолдау бойынша несиесі жүйесін қалыптастыруда бірінғай көзқарас жоқ. Дегенмен де, ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері үшін қолжетімді несиесі мен басқа да қызметтерге мемлекет тарапынан қолдау қажет екенін ешкім жоққа шығара алмайды.

Жоғарыда айтылып кеткендей Қазақстанда 2017-2021 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың мемлекеттік бағдарламасы жүзеге асырылуда.

Бағдарламаның негізгі мақсаты:

- ауыл шаруашылығындағы жалпы өнімді көбейту;
- өңделген өнім экспортын 2,5 есеге 2,7 млрд. АҚШ долларына дейін ұлғайту;
- тартылған несиелік қаражат көлемін 2021 жылда 2017 жылғы деңгейге дейін 9 есе ұлғайту;
- саланың негізгі капиталына деген инвестициялық ағымды 3 есе көбейту [10].

Барлығымызға белгілі болғандай, аграрлық сектордың ерекшелігі өндірістің маусымдық сипатымен байланысты және несиелік ресурстарға қатты тәуелді.

Қазақстан Республикасында агроөнеркәсіптік секторды мемлекеттік қолдау қаржылық көмектің бірнеше арнасы арқылы жүзеге асады.

Ауылшаруашылығы несиелер нарығында қаржы институттарының арасында «ҚазАгро» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ басым болып табылады, олар нарықтық бағадан едәуір төмен пайыздық мөлшерлемен несиелік және лизингтік қызметтер көрсетеді. Нәтижесінде ауыл шаруашылығында ұзақ мерзімді инвестициялар мемлекеттік қаржыландыруға қатты тәуелді болуда.

Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын несиелендіруде холдинг құрылымында «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ, «ҚазАгроҚаржы» АҚ және «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ несие беруді жүзеге асырады, олардың әрқайсысы өз аумақтары бойынша және мақсатты топтарын қаржыландырады.

2019 жылдан бастап қарапайым заттар экономикасына арналған бағдарлама бар, сонымен қатар мал шаруашылығын дамытуға арналған Сыбаға бағдарламасы мен Агробизнес, Агротехника, Agroexpert, Іскер жобалары бар. Осы бағдарламалар аясында аграрлық сектордағы кәсіпкерлерге жеңілдетілген несие алуға болады. «ҚазАгро» АҚ осы бағдарламалардың көпшілігінің операторы және қаржылық институт болып табылады. Бұл ұйымның аймақтарда үш бөлімшесі бар – «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ, «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ және «ҚазАгроҚаржы» АҚ, олардың әрқайсысы өз функцияларын орындайды.

«Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ жобаларды 30 миллион теңгеге дейін қаржыландыра алады. 30 миллион теңгеден жоғары сомаларды «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ бере алады.

Егер де кәсіпкер құралдарды лизингке алуды қалаған жағдайда, онда «ҚазАгро» холдингі арқылы ала алуға мүмкіндік бар.

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі және «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамдарын қайта ұйымдастыру туралы Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 31 желтоқсанындағы № 952 қаулысымен 2021 жылдың наурыз айында «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы оған «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамын қосу жолымен қайта ұйымдастырылды [11].

«ҚазАгро» холдингінің миссиясы – ауыл шаруашылығы өнеркәсібі кешенінде мемлекеттік саясатты іске асыру және стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу мақсатында Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы өнеркәсібі кешенінің тұрақты экономикалық өсуіне көмек көрсету. Бүгінгі таңда инвестициялық қоржынды қалыптастыру бойынша шығынсыз қызметті қамтамасыз ету үшін стандартты бизнес жоспар бойынша нұсқаулықтар бар.

Қазіргі таңда несиелендірудің іске асуы барысында несие қоржыны жыл сайын артып келеді. Мысалы, 2019 жылы шағын және орта бизнес үшін ерекше жыл болғанын атап өтуге болады, себебі оларды дамытуға аса көңіл бөлінген болатын. Соңғы үш жылда холдинг 38 539 жаңа жұмыс орнын қалыптастыруға септігін тигізді.

Жаңадан бастаған мал шаруашылығы бойынша кәсіпкерлердің жобалары «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ арқылы қаржыландырылады. Несие екі бағытта беріледі: егер шаруа қожалықтары «Еңбек» бағдарламасы бойынша қаржыландырылса, 4 миллион теңгеге дейін қаржыландырылады, ал егер зәкірлік кооперация қаржыландырылса, 12 миллион теңгеге дейін алуға болады. Жобаға меншікті қаражат есебінен несие берілген жағдайда, «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ-нан 30 миллион теңгеге дейін несие алуға мүмкіндік алады. 2020 жылдың басынан бері бұл ұйымның нормативтік актілеріне бірқатар өзгерістер енгізілді. Қаражатты бірнеше бағдарлама бойынша бөлуге болады. Мысалы, бірінші бағыт бойынша мал шаруашылығына, екіншісі егістікке, үшіншісі жалпы бизнесті дамытуға арналған [12].

«Еңбек» бағдарламасы бойынша ауылдық жерлер мен шағын қалаларда бизнестерін іске асырып жұмыс жасап жүрген немесе жаңадан бизнеспен айналысқысы келіп алдарына мақсат қойып жоспарлап жүрген қатысушыларға шағын несие беру бойынша жұмыстарды іске асырады.

Шағын несиені беруге байланысты қаржы құралдарын облыстың әкімдіктеріне бюджеттік несие түрінде беріледі. Әкімдік бұл қаржы құралдарын микроқаржы ұйымдары мен несие серкітестіктерді

одан әрі қорландыру үшін Аграрлық кредиттік корпорация, сонымен бірге тікелей несие беру үшін Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры арасында бөледі.

2019 жылдың қорытындысына сәйкес жалпы республика бойынша бөлінген қаражат 100 % игерілді [10].

Экономика салалары бойынша берілген шағын несиелер:

- мал шаруашылығы – 75 %;

- өсімдік шаруашылығы – 5 %;

- ауыл шаруашылығына қатысы жоқ (шаштараз, тігінші, т.б.) бизнес түрлері – 20 % дамытуға берілді [10].

Сыбаға бағдарламасы бойынша ірі қара мен қой сатып алуға болады. Қаржыландыру несиелік серіктестік арқылы 4 %-бен және тікелей «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ арқылы 5 %-бен жүзеге асырылады. Несиенің мерзімі 180 ай болып саналады. «Сыбаға» бағдарламасының ерекшелігі – ірі қара мал үшін – 30 айға дейін, қой – 24 айға дейін жеңілдік кезеңі бар. Сонымен қатар, асыл тұқымды малды шетелден сатып алу үшін бір мал басына 225 мың теңге көлемінде субсидия қарастырылған, отандық асыл тұқымды малды сатып алуға субсидия мөлшері – 150 мың теңге.

2019 жылдың наурызында ауыл шаруашылығымен айналысқысы келетін азаматтар үшін «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы енгізілді. Алғашында бұл бағдарлама тек ірі қара малдарды сатып алу үшін екінші деңгейлі банктер арқылы қаржыландырылды. Жобалық кеңседе жасалған ұсыныстардың нәтижесінде қаржыландыру сонымен қатар «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ арқылы жүзеге асады, бұл бағдарламаға жылқы шаруашылығы, түйе өсіру, ешкі өсіру, балық аулау және асқабақ шаруашылығы қатыса алады. «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы бойынша несие мерзімі болып 10 жыл саналады, ал несие мерізімінің үштен бір бөлігі жеңілдік кезеңі ретінде пайдалануы мүмкін.

2020 жылдан бастап «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ-да егін шаруашылығы бойынша бағдарлама енгізілді. Бұл мақсат бойынша қаржыландыру «Еңбек» бағдарламасы арқылы және қордың өз қаражаты есебінен жүзеге асырылуы мүмкін. Несиенің мерзімі болып 3 жыл саналады. Көктемгі дала жұмыстары басталмай тұрып, өндірушілер тұқым, жанар-жағармай сатып алуға несие алып, жұмысшыларына жалақы төлей алады. Бұл бағдарламаның ерекшелігі – жеңілдік кезеңі 9 айдан 12 айға дейін ұзартылған, бұл өз кезегінде ауыл шаруашылығы тауар өндірушісіне өсірілген өнімді сатуға және несиені өтеу бойынша өз міндеттемелерін орындауға мүмкіндік береді. Бұл бағдарламаның тағы бір ерекшелігі – дайындалған кепіл құжаттары үш жылға жарамды. Несие бір жылдың ішінде өтелсе де, ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші дайындалған құжаттарға сәйкес несиені үш жыл ішінде төлеуге мүмкіндік алады [13].

Соңғы үш жылдағы ауыл шаруашылығы саласына берілген несиелердің жағдайы келесі кестеде берілген (Кесте 1).

Кесте 1 – Қазақстанның ауыл шаруашылығы саласына берілген несиелері (млрд.тг.)

	2018 ж.		2019 ж.		2020 ж.	
	млрд.тг	үлесі,%	млрд.тг	үлесі,%	млрд.тг	үлесі,%
«ҚазАгро» ҰБХ»	400	45	477	65,3	445,7	66,4
Екінші деңгейлі банктердің несие қоржыны	489	55	254	34,7	225,3	33,6
Барлығы	889	100	731	100	671	100
Ескерту – [14; 15] дереккөздері негізінде авторлармен құрастырылған						

Қазақстанның ауыл шаруашылығына берген несиелерінің жалпы сомасы 2018 жылы 889 млрд. теңгені құраса, ал 2020 жылы 671 млрд. теңгеге дейін төмендеп отыр. Соның ішінде екінші деңгейлі банктер мен холдингтің компаниялар тобының ауыл шаруашылығындағы жиынтық несие қоржыны 2018 жылдан бері екі есе кеміді, яғни 2018 жылы 489 млрд. теңгеден 2020 жылы 225,3 млрд. теңгеге дейін төмендеді. Керісінше «ҚазАгро» ҰБХ» берген несиелері жылдан жылға артып отыр, яғни 2020

жылды 2018 жылмен салыстырғанда 11,4 %-ға өскен. 2020 жылдың қорытындысы бойынша несиелер қоржынындағы коммерциялық банктердің үлесі 33,6 %, ал «ҚазАгро» ҰБХ» үлесі 66,4 %-ын құрап отыр.

Қазақстанда агроөнеркәсіптік кешенге банк несиелерінің төмендеу үдерісі байқалады (Кесте 2).

Кесте 2 – Қазақстан Республикасының облыстары бойынша екінші деңгейлі банктермен ауыл шаруашылығына берілген несиелер көлемі, млрд.тенге

Облыстар	2018ж.	2019ж.	2020ж.
Республика бойынша барлығы	489,0	254,0	225,3
Ақмола	50,2	13,7	7,8
Ақтөбе	7,9	3,4	2,1
Алматы	5,9	3,1	3,0
Атырау	581,0	90,1	73,5
Шығыс Қазақстан	12,6	6,1	4,8
Жамбыл	2,9	1,1	1,3
Батыс Қазақстан	5,1	1,8	1,6
Қарағанды	6,4	2,6	3,2
Қостанай	16,2	4,3	3,8
Қызылорда	1,2	0,9	1,8
Манғыстау	417,0	60,1	51,7
Павлодар	7,6	3,3	3,1
Солтүстік Қазақстан	10,4	3,4	2,8
Оңтүстік Қазақстан	0	1,3	1,1
Алматы қаласы	109,4	35,3	38,3
Нұр-Сұлтан қаласы	244,1	23,5	25,4
Ескерту – [15] дереккөз негізінде авторлармен құрастырылған			

2020 жылды 2018-2019 жылдардың көрсеткішімен салыстырғанда екінші деңгейлі банктермен ауыл шаруашылығына берілген несиелер көлемі айтарлықтай төмендеген, яғни 2018 жылы берілген несиелердің көлемі 489,0 млрд. теңге болса, ал 2020 жылы 225,3 млрд.теңгеге дейін азайып отыр. Оның себебін елдегі орын алған пандемияға байланысты сұраныстың аз болуымен және көптеген шектеулердің болуымен түсіндіруге болады. 2020 жылы Алматы және Нұр-Сұлтан қалаларында аз да болса берілген несиелер көлемі өскен, себебі бұл жерлерде халық көп шоғырланғандықтан кәсіпкерлерге жұмыс жасау басқа облыстарға қарағанда тиімді болып отыр.

Қарастырылып зерттелген мәліметтер негізінде ауыл шаруашылығы саласын несиелендірудің ба-
сым жақтары мен әлсіз жақтарын қарастыруды жөн деп санаймыз (Кесте 3).

2021 жылдың 1 қаңтарына ауыл шаруашылығы несиелерінің жалпы сомасы Қазақстан Республикасының екінші деңгейлі банктері бойынша 225,3 млрд. теңгені құрап отыр – бұл өткен жылдың кезеңімен салыстырғанда 11,2 %-ға төмен. Ауыл шаруашылығы активтері мен жердің кепіл құнының төмендігі, сонымен қатар өтімді қамтамасыз етудің жоқтығы екінші деңгейлі банктердің не-
сие өнімдеріне қол жеткізуді қиындатады.

Оның үстіне банктер ірі бизнестерге жиі несиелер береді, яғни ауыл шаруашылығында жұмыс жа-
сап тұрған барлық компаниялардың 99,6 % шағын және орта бизнес өкілдері болса, ал ірі бизнес осы саладағы компаниялардың 0,4 %-ын ғана құрайды.

Ауыл шаруашылығындағы қызметті шектейтін негізгі факторларға ақша қаражаттары мен айналым қаражаттарының жетіспеушілігі, несиелер бойынша жоғары пайыздық мөлшерлеме және т.б. әсер етеді. Бұл коммерциялық банктердің ауыл шаруашылығын қаржыландыруды айтарлықтай қысқартуына бай-
ланысты.

Бұл жағдайдың негізгі себептері: банктердің қарыз алушылардың кепілдік базасына қатаң талап қоюы; ұзақ мерзімді өтімділікпен жобаларды қаржыландыру үшін қажет ұзақ мерзімді қаржыландыру көздерінің теңгемен болмауы және несиелер бойынша пайыздық мөлшерлемелердің жоғарылауы.

Кесте 3 – Қазақстанның ауыл шаруашылығын несиелендіру бойынша SWOT талдау

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
Қазақстан Республикасында ауыл шаруашылығы салысын мемлекеттік қолдаудың бар болуы	Қоғамның сыйақы мөлшерлемесі құнының бюджеттік қаржыландыруға тәуелділігі
Жеңілдікпен несиелендіру шарттары және төмен пайыздық мөлшерлеменен бюджеттік несие ресурстарының бары	Қаржыландыру көздерінің әлсіз диверсификациясы
Қоғам филиалдарының кең аймақтық желісі	Қаржы институттары мен Агроөнеркәсіп кешені субъектілеріне қаржылық емес қызмет көрсетудің дамымауы
Агроөнеркәсіп кешені саласындағы ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерді және қаржы институттарын қаржыландыру бойынша жинақталған тәжірибе	Қолданыстағы салалық тәуекелдерді хеджирлеу құралдарының болмауы
Мерзімі өткен несиелердің төмен деңгейі (NPL 6 %-дан аспайды)	Инвестициялық жобаларды бағалаудың әдістемелік негіздерінің жеткіліксіздігі
Білікті мамандардың болуы	
Мүмкіндіктер	Қауіптер
Агроөнеркәсіп кешені субъектілерін несиелендіру үшін екінші деңгейлі банктерде, микроқаржы ұйымдарында, лизингтік компанияларда қаржыландыру жүйесін әзірлеу	Қолайсыз климаттық жағдайлар мен эпидемиялар
Агроөнеркәсіп кешені субъектілерін қаржыландыру үшін құралдарды кеңейту	Мемлекет тарапынан ауыл шаруашылығы саласын қаржыландыру үлесінің төмендеуі
Қаржыландыру көздерін және тарту механизмдерін әртараптандыру	Компанияның рейтингін төмендеуі
Несие серіктестіктерінің институционалдық жетілуі мен тәуелсіздігін дамытуға белсенді көмек көрсету	халықаралық қаржы нарығындағы проблемаларға, инфляциялық жүктеменің және валюталық тәуекелдердің артуына байланысты тартылған қаржыландыру бойынша пайыздық мөлшерлеменің артуы;
Компанияның «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ синергиясына қол жеткізу	Агроөнеркәсіп кешені субъектілерінің төлем қабілеттілігінің төмендеуі
Инвестициялық жобаларды бірлесіп қаржыландыру және қолдау	қаржы институттарының агроөнеркәсіптік кешенді қаржыландыруға және қоғаммен ынтымақтастықты дамытуға қызығушылықтарының төмендігі
Ескерту – [14] дереккөз негізінде авторлармен құрастырылған	

Еуропа елдеріндегі ауыл шаруашылығы өнеркәсіп кешенін дамытудың басты себебі – ол кәсіпкерлердің кооператив түрінде құрылуы, сонымен бірге өзін-өзі қаржылай ақтамайтын салаға мемлекет тарапынан қолдау көрсетудің қолжетімділігінің болуы.

Ауыл шаруашылығы ұзақ мерзімді несиелерге өте мұқтаж, олар ғылыми-техникалық прогрестің жеделдеуіне қарай негізгі қорларды көбейтудің және олардың құрылымын жақсартудың маңызды көзі болып табылады. Демек, ауыл шаруашылығы өндірісін индустрияландыру деңгейі неғұрлым жоғары болса, несиенің рөлі соғұрлым маңызды болады. Өкінішке орай, несиелік ұйымдар, бір жағынан, несие бойынша дефолт қаупінің жоғары болуына байланысты, екінші жағынан, жоғары пайыздық мөлшерлеме мен қысқа мерзімділікке байланысты, ауыл шаруашылығындағы қарыз алушылармен жұмыс істеуге қызығушылықтары да жоқ және дайын да емес. Бұл олардың қаржылық жағдайын одан әрі ушықтыратындықтан, ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері коммерциялық банктен несие алғысы келмейді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Талдау нәтижесі бойынша аграрлық секторды несиелендірудегі туындаған мәселелер мен оларды шешу жолдары:

1. Коммерциялық банктер агроөнеркәсіптік секторға несие беруге құлықсыз, себебі несие тәуекелдерінің жоғары болуы және кепіл құнының төмен болуы. Сондықтан да несие мерзімін ұзартып және пайыздық мөлшерлемені сәйкесінше төмендету арқылы несиелендіру шарттарын жетілдіру қажет.

2. Ауыл тұрғындарының қаржылай сауатының төмендігі, себебі олардың қаржы институттарға деген сенімділігі төмен болғандықтан және қаржы есептерін дұрыс жүргізе алмауынан несие алуға ынталары төмен. Сондықтан да, ауыл тұрғындары үшін сапалы курстар мен оқу семинарларын көптеп және тегін жүргізу қажет. Ауыл шаруашылығы өнім өндірушілердің құзыреттіліктерін дамыту үшін ғылыми-өндірістік шаралар жүргізу.

3. Банкердің ауылдық жерлерде филиалдар ашуы тиімсіз, себебі транзакциялық шығындардың жоғары болуына байланысты. Бұдан ауылдық жерлерде шағын және орта бизнес зардап шегеді. Сондықтан да құжаттарды электронды қабылдау үшін интернет желілері мен мобильді технологияның енуін жақсы дамыту.

4. Қарыз алушының несиелік қабілетін бағалауда ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің қызметін есепке алу туралы ақпарат жеткіліксіз болғандықтан белгілі бір қиындықтар туындайды. Сондықтан да жергілікті орындарда кепіл мүлкін есептеу бойынша мамандарды ауылдық жерлерде жұмыс жасауға ынталандыру.

5. «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасының бағытын 10-15 жылға төмен пайыздық мөлшерлемен кепілсіз несие беретіндей бағдарлама ұсыну;

6. Жергілікті атқарушы органдар отандық өнім үшін сауда нүктелерінің жұмысын дұрыс ұйымдастыру және қадағалау.

Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, нарықтық қатынастарда ауылшаруашылық ұйымдары өз өнімдерін сату арқылы ғана ұдайы өндірісті ұдайы ұстап тұру үшін жеткілікті табыс ала алмайды, экономикада сұраныстың икемділігі өте төмен болғандықтан және ешқашан мемлекеттік реттеуден босатыла алмайды. Қазіргі уақытта аграрлық саладағы жағдайды тұрақтандыру мемлекеттің белсенді қатысуымен ғана жүзеге асуы мүмкін.

Қазақстанның аграрлық жағдайы көптеген мүмкіндіктерге ие, бұл болашақтағы бес жылдықта ауыл шаруашылығы саласында үлкен жетістіктерге жетуге мүмкіндік берері сөзсіз. Сондықтан да алдымен ауыл шаруашылығы өнеркәсіп кешені саласына инвестицияларды тарту бойынша жұмыстарды алға қою керек. Ауыл шаруашылығы саясатының қысқа және ұзақ мерзімді басымдықтарын нақты әзірлеу және қолдау құралдарын тұрақтандыру бойынша жұмыстарды жүргізу қажет.

Сұраныстың төмен икемділігі мен бағаның өте төмен икемділігіне байланысты ауыл шаруашылығы ешқашан мемлекеттік реттеуден босатыла алмайтынын мойындау керек.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Дорожкина Н. И., Суворина Ю. С. Особенности кредитования сельхозпроизводителей // Социально-экономические явления и процессы. – 2017. – № 5. – С. 41-47.
2. Аймурзина Б. Т. Современные направления финансового обеспечения хозяйствующих субъектов аграрного сектора // Вестник КазУЭФМТ. – 2019. – № 3. – С. 73-80.
3. Уахитжанова А. М. Финансовое обеспечение агропромышленного комплекса РК // Проблемы агрорынка. – 2017. – № 4. – С. 58-67.
4. Абдыкерова Г. Ж. Пути финансирования агропромышленного комплекса Казахстана // Актуальные проблемы гуманитарных и естественных наук. – 2015. – № 12. – С. 7-10.
5. Кишибекова Г. К., Омарханова Ж. М. Финансовое обеспечение развития сельского хозяйства Республики Казахстан // Доклады Национальной Академии Наук Республики Казахстан. Общественные науки. – 2017. – № 314. – С. 115-125.
6. Коробейников М. Состояние и стратегия развития АПК России // Международный сельскохозяйственный журнал. – 2009. – № 2. – С. 8-11.
7. Маслова В. Совершенствование кредитного механизма на современном этапе // АПК: экономика, управление. – 2014. – № 2. – С. 51-59.
8. Ветеринарлық талаптар, инвестиция тарту, өнім экспорты – 2019 жылы Қазақстанның ауыл шаруашылығын дамытуда қандай нәтижелерге қол жеткізілді [Электронды ресурс] // Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ресми ақпараттық ресурсы [web-сайт]. – 2020. – URL: <https://>

primeminister.kz/kz/news/reviews/2019-zhyly-k-azak-stannyn-auyl-sharuashylyg-yn-damytuda-k-anday-natizhelerge-k-ol-zhetkizildi (Қарау уақыты: 04.07.2021).

9. Шайкин Д. Н., Әбутәліп Д. О. Аспекты имплементации государственных программ поддержки АПК в Казахстане // Сборник трудов Международной научно-практической конференции «Современные тенденции и перспективы развития национальных экономик в условиях вызовов мировой пандемии». – Нұр-Сұлтан, 2020 – С. 226-231.

10. Постановление Правительства Республики Казахстан от 12 июля 2018 года № 423 Об утверждении Государственной программы развития агропромышленного комплекса Республики Казахстан на 2017 – 2021 годы [Электронды ресурс] // Әділет [web-портал]. – 2018. – URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P1800000423> (Қарау уақыты: 05.07.2021).

11. «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі және «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамдарын қайта ұйымдастыру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 31 желтоқсандағы № 952 қаулысы [Электронды ресурс] // Әділет [web-портал]. – 2020. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2000000952> (Қарау уақыты: 05.07.2021).

12. Мал шаруашылығын дамыту бойынша несиелеу бағдарламасы [Электронды ресурс] // «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ [web-сайт]. – 2021. – URL: <https://fagri.kz/kz/credit-products/836/> (Қарау уақыты: 05.07.2021).

13. Өсімдік шаруашылығын дамыту бойынша несиелеу бағдарламасы [Электронды ресурс] // «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ [web-сайт]. – 2021. – URL: <https://fagri.kz/kz/credit-products/837/> (Қарау уақыты: 05.07.2021).

14. Годовой отчет АО «Аграрная кредитная корпорация» за 2020 год [Электронды ресурс] // AgroCredit Аграрлық несиелеу корпорациясы [web-сайт]. – 2020. – URL: <https://www.agrocredit.kz/upload/iblock/a74/a741e7ebecada61a11796f7bc1fbf0c6.pdf> (Қарау уақыты: 05.07.2021).

15. Национальный Банк Казахстана. Кредиты, выданные банками, в разрезе отраслей экономики и ставки вознаграждения по ним // Статистический бюллетень Национального банка Республики Казахстан. – 2020. – № 4(305). – С. 39-42.

REFERENCES

1. Dorozhkina, N. I. and Suvorina, Yu. S. (2017). Osobennosti kreditovaniya sel'hozproizvoditelej. *Social-Economic Phenomena and Processes*, 5, 41-47 (In Russian).
2. Ajmurzina, B. T. (2019). Sovremennye napravleniya finansovogo obespecheniya hozyajstvuyushchih sub"ektov agrarnogo sektora. *KazUEFIT Herald*, 3, 73-80 (In Russian).
3. Uahitzhanova, A. M. (2017). Finansovoe obespechenie agropromyshlennogo kompleksa RK. *Problems of AgriMarket*, 4, 58-67 (In Russian).
4. Abdykerovala, G. Zh. (2015). Puti finansirovaniya agropromyshlennogo kompleksa Kazahstana. *Aktualnye problemy gumanitarnykh i estestvennykh nauk*, 12, 7-10 (In Russian).
5. Kishibekova, G. K. and Omarhanova, Zh. M. (2017). Finansovoe obespechenie razvitiya sel'skogo hozyajstva Respubliki Kazakhstan. *Reports of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan. Social Sciences*, 314, 115-125 (In Russian).
6. Korobejnikov, M. (2009). Sostoyanie i strategiya razvitiya APK Rossii. *International Agricultural Journal*, 2, 8-11 (In Russian).
7. Maslova, V. (2014). Sovershenstvovanie kreditnogo mekhanizma na sovremennom etape. *The journal "AIC: economics, management"*, 2, 51-59 (In Russian).
8. Veterinarlyk talaptar, investiciya tartu, onim eksporty – 2019 zhyly Kazakstannyn auyl sharuashylygyn damytuda kandaj natizhelerge kol zhetkizildi. (2020). *Official information resource of the Prime Minister of the Republic of Kazakhstan*. Retrieved July 4, 2021, from <https://primeminister.kz/kz/news/reviews/2019-zhyly-k-azak-stannyn-auyl-sharuashylyg-yn-damytuda-k-anday-natizhelerge-k-ol-zhetkizildi> (In Kazakh).
9. Shajkin, D. N. and Abutalip, D. O. (2020). Aspekty implementacii gosudarstvennykh programm podderzhki APK v Kazahstane. *Sbornik trudov Mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoy konferencii «Sovremennye*

tendencii i perspektivy razvitiya nacional'nyh ekonomik v usloviyah vyzovov mirovoj pandemii», Nur-Sultan, 226-231 (In Russian).

10. Postanovlenie Pravitel'stva Respubliki Kazahstan ot 12 iyulya 2018 goda № 423 Ob utverzhdenii Gosudarstvennoj programmy razvitiya agropromyshlennogo kompleksa Respubliki Kazahstan na 2017 – 2021 gody. (2018). *Adilet*. Retrieved July 5, 2021, from <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P1800000423> (In Russian).

11. «Bajterek» ulttyk baskarushy holdingi» zhane «KazAgro» ulttyk baskarushy holdingi" akционерlik kogamdaryn kajta ujymdastyru turaly Kazakstan Respublikasy Ukimetinin 2020 zhylgy 31 zheltoksandagy № 952 kaulysy. (2020). *Adilet*. Retrieved July 5, 2021, from <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2000000952> (In Kazakh).

12. Mal sharuashylygyn damytu bojnynsha nesieleu bagdarlamasy. (2021). *JSC "Fund for Financial Support of Agriculture" website*. Retrieved July 5, 2021, from <https://fagri.kz/kz/credit-products/836/> (In Kazakh).

13. Osimdik sharuashylygyn damytu bojnynsha nesieleu bagdarlamasy. (2021). *JSC "Fund for Financial Support of Agriculture" website*. Retrieved July 5, 2021, from <https://fagri.kz/kz/credit-products/837/> (In Kazakh).

14. Godovoj otchet AO «Agrarnaya kreditnaya korporaciya» za 2020 god. (2020). *AgroCredit*. Retrieved July 5, 2021, from <https://www.agrocredit.kz/upload/iblock/a74/a741e7ebecada61a11796f7bc1fbf0c6.pdf> (In Russian).

15. National Bank of Kazakhstan. (2020). Kredity, vydannye bankami, v razreze otraslej ekonomiki i stavki voznagrazhdeniya po nim. *NBK Statistical Bulletin*, 4(305), 39-42 (In Russian).

THE CURRENT STATE OF AGRICULTURAL LENDING IN KAZAKHSTAN

A. Duskaliyev¹, A. Tyumambayeva^{2*}, A. Abdesheva²

¹University Narxoz, Almaty, Republic of Kazakhstan

²West Kazakhstan Agrarian Technical University named after Zhanir Khan,
Uralsk, Republic of Kazakhstan

ABSTRACT

The purpose of the research is to identify problems on the basis of theoretical and methodological developments to increase the need for a loan in the agricultural sector of the Republic of Kazakhstan and develop recommendations for their solution.

Methodology. In this study, the authors attempted to analyze agricultural lending and identify the factors that influence the success of the industry. The article used methods typical for economic research: an economic-statistical method based on data grouping, a comparative method, a tabular method and a generalization method.

Originality / value of the research. The research results can be used in the development of programs to expand the financing channels for lending to the agricultural sector, change the mechanism for subsidizing the development of agricultural production.

Findings. This article analyzes the available credit resources for the agricultural sector, and also proposes various programs for lending to the agricultural sector from different sources. Problems in the country with regard to lending to the agricultural sector were identified and recommendations were made to reduce and resolve them.

Keywords: credit, agriculture, interest rates, commercial banking, creditworthiness, collateral, loan portfolio, food security, manufacturers, government support.

СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ КРЕДИТОВАНИЯ СЕЛЬСКОГО ХОЗЯЙСТВА В КАЗАХСТАНЕ

А. С. Дускалиев¹, А. Г. Тюмамбаева^{2*}, А. Ш. Абдешова²

¹Университет Нархоз, Алматы, Республика Казахстан

²Западно-Казахстанский аграрно-технический университет имени Жангир хана,
Уральск, Республика Казахстан

АННОТАЦИЯ

Цель исследования – выявить проблемы на основе теоретических и методических разработок по увеличению потребности в кредите в аграрном секторе Республики Казахстан и разработать рекомендации по их решению.

Методология исследования. В этом исследовании авторы попытались проанализировать сельскохозяйственное кредитование и определить факторы, влияющие на успех отрасли. При изучении и написании статьи использовались методы, характерные для экономических исследований: экономико-статистический метод на основе группировки данных, сравнительный метод, табличный метод и метод обобщения.

Оригинальность / ценность исследования. Результаты исследования могут быть использованы при разработке программ по расширению каналов финансирования кредитования аграрного сектора, изменению механизма субсидирования развития сельскохозяйственного производства.

Результаты исследования. В данной статье анализируются доступные кредитные ресурсы для аграрного сектора, а также предлагаются различные программы кредитования аграрного сектора из разных источников. Были выявлены проблемы в стране по кредитованию аграрного сектора и даны рекомендации по их сокращению и решению.

Ключевые слова: кредит, сельское хозяйство, процентные ставки, коммерческое банковское дело, кредитоспособность, обеспечение, ссудный портфель, продовольственная безопасность, производители, государственная поддержка.

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ

Дускалиев Асылбек Серикович – экономикалық ғылымдар кандидаты, қауымдастырылған профессор, Нархоз Университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы, e-mail: asylbek.duskaliev@narхоз.kz

Тюмамбаева Айслу Галиулловна – аға оқытушы, Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал, Қазақстан Республикасы, e-mail: aislu.gt@mail.ru*

Абдешова Альберта Шынболатовна – экономика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы, Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал, Қазақстан Республикасы, e-mail: alberta_alberta81@mail.ru